

Саунау 2021

ҚАРАКЕМЕРЛІКТЕР ДЕ ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

КЕШЕ ТҮСКЕ ДЕЙІН «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИН МЕН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕР 50-ДЕН АСТАМ ТҮТІНІ БАР ОЙЫЛ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ҚАРАКЕМЕР ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ АРНАЙЫ БАРЫП, АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУ КЕЗІНДЕ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ТҮСІНІК ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.



Онда қаракемерліктер аудандық маслихат депутаттығына үміткерлердің «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлауалды бағдарламасындағы алдағы бесжылдыққа атқарылатын жұмыстарына құлақ түрді. Кеңірек тоқталсақ, Гүлнара Бисекенова денсаулық сақтау саласына қатысты алдағы уақытта атқарылуға тиіс іс-шараларды нақты атап өтсе, Жұма Жақып ауданда ет, сүт өнімдерін өндіріп, суармалы егіс көлемін ұлғайтып, жылыжайлар санын көбейту арқылы өз-өзімізді таза табиғи өніммен қамтемесіз ету керектігін жеткізе келе осындай істерді жасаймын деушілерге мемлекет тарапынан қолдау барын баяндады. Сонымен қатар, аудандық маслихат депу-

таттығына үміткер ауданның білім, жастар саясаты саласына белсенді араласып жүрген жалынды жастарымыз Медет Құлмұқанов пен Абзал Майқанов та өз ойларын ашық жеткізді. Ондай кейін аудандық маслихат хатшысы Еркін Жиеналин ел бірлігін сақтап, елім деп еміренген жүректің жарқын үнімен өткелі отырған сайлауда «Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырды. Өйткені, бұл партия дамудың даңғыл жолына бастайтын, әрдайым халықпен бірге екенін жан-жақты түсіндірді. «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының ықпалымен, қолдауымен көптеген істерге куә болып жүрген қаракемерліктер елді болғалы отырған үлкен саяси додада «Nur Otan» партиясына

сөттілік тілеп, бір ауыздан қолдайтындықтарын ашық айтты. Өйткені, мемлекет тарапынан игі істер Қаракемер ауылында да жүзеге асып жатыр. Кездесу кезінде «Nur Otan» партиясының аудандағы филиалының атқарып жатқан жұмыстарына кеңірек тоқталып, алдағы жоспарларымен бөліскен «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сөкен Займолдин алдағы бес жылда партия тарапынан елдің экономикалық дамуы жолында көптеген ауқымды жобалар күтіп тұрғанын, оны елмен бірге ауызбіршілікпен атқаруға шақырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қаракемер-Ойыл.



ОСК ЖЕРГІЛІКТІ МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕДІ

Еліміздің Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсыну және тіркеу қорытындыларын шығарды. «Республикада барлық деңгейдегі 216 мәслихат бар: 17-сі - облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының мәслихаттары; 36-сы - қалалық мәслихаттар; 163-і - аудандық мәслихаттар. Депутаттардың саны – 3276. Мәслихатқа тиісті өкімшілік-аумақтық бірлік шекараларындағы сайлау округтерінде сайлау алғаш рет саяси партиялардың партиялық тізімдері бойынша өтеді. Мәслихат депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді аумақтық сайлау комиссиялары қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың үлгілік күнтізбелік жоспарына сәйкес партиялық тізімдерді ұсыну 2020 жылғы 10 қарашадан басталып, 2020 жылғы 4 желтоқсанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталды», - деді ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Ерлан Дауылбаев. Оның айтуынша, Орталық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 12-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес, 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауына қатысуға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен тіркелген 6 саяси партияға рұқсат берді. Аумақтық сайлау комиссияларына 5 саяси партиядан Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсыну туралы құжаттар ұсынылды. Олар «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы; «Nur Otan» партиясы; «ADAL» саяси партиясы; «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы; «Қазақстанның Халық партиясы». «Барлығы 840 партиялық тізім ұсынылды немесе орташа алғанда бәсекелестік бір орынға 3,9-ды құрады. Бұл ретте «Nur Otan» партиясы мен «ADAL» саяси партиясы өңірлердегі барлық 216 мәслихатқа сайлау округтері бойынша тізімдерді ұсынды. «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы - 175 тізімді ұсынды немесе барлық өңірлердегі округтердің 81 пайызын қамтыды. «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы - 159 тізім немесе барлық өңірлердегі округтердің 73,6 пайызы. Қазақстан Халық партиясы - 74 тізімді ұсынды немесе округтердің 34,3 пайызын қамтыды», - деді ол. ҚР ОСК мүшесінің дерегіне, 17 округ бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарына 75 тізім (1392 кандидат) ұсынылды немесе бәсекелестік 4,4-ті құрады. 7 өңірде барлық бес партияның тізімдері ұсынылды. Оның ішінде 4 партия барлық 17 мәслихатқа тізімдер ұсынды. 36 округ бойынша облыс-

тық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына 134 тізім (1415 кандидат) ұсынылды немесе бәсекелестік бір орынға 3,7-ні құрады. Оның ішінде «Nur Otan» (1031 кандидат) және «ADAL» (101 кандидат) партияларының тізімдері барлық өңірлерде берілді. «Ақ Жол» партиясы - 13 өңірде (168 кандидат), Қазақстанның Халық партиясы - 9 өңірде (61 кандидат), «Ауыл» партиясы 7 өңірде (54 кандидат). Аудандық мәслихаттардың 163 округі бойынша 631 тізім (5527 кандидат) ұсынылды немесе бәсекелестік бір орынға 3,9 құрады. Соның ішінде 4 партия барлық өңірлерде бар. Қазақстанның Халық партиясы 9 өңірде ғана тізімдерін берді. «Партиялық тізімдерге 8334 кандидат енгізілді, оның ішінде 3721-і – әйелдер мен 29 жасқа толмаған адамдар. Яғни, 30 пайыздық квота сақталып отыр. Оның ішінде: - «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы - 611 кандидат, соның ішінде 326 немесе 53,4%-ы әйелдер мен 29 жасқа толмаған адамдар; - «Nur Otan» партиясы - 6234 кандидат, соның ішінде 2527-сі немесе 40,5%-ы әйелдер мен 29 жасқа толмаған адамдар», - деді ол. Сонымен қатар Ерлан Дауылбаев аумақтық сайлау комиссиялары үкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, мәслихат депутаты болып сайлану үшін партиялық тізімге енгізілген кандидаттарды Конституция мен Сайлау туралы конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан тексеруді жүзеге асыратынын айтты. Нәтижесінде, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың Конституцияның және Сайлау туралы конституциялық заңның талаптарына сәйкес келетіні анықталды. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 104-бабына сәйкес саяси партиялар ұсынатын партиялық тізімдерді тіркеуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар саяси партиялардың қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Саяси партиялар сайлау жарналарын енгізді. Партиялық тізімдерді тіркеу 2020 жылғы 10 желтоқсанда жергілікті уақытпен сағат 18-00-де аяқталды. Барлығы 832 партиялық тізім тіркелді, оның ішінде: «Nur Otan» партиясы - 216; «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы - 158; «ADAL» саяси партиясы - 215; «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы - 174; «Қазақстан Халық партиясы» - 69», - деді Ерлан Дауылбаев. Оның айтуынша, партиялық тізімдерді тіркеу туралы мәліметтер саяси партия ұсынған кандидаттар мен олардың жұбайлары декларациялаған кірістер мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын тексеру үшін үкілетті мемлекеттік органға жіберілді. Саяси партия ұсынған кандидат

пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістер мен мүлік туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кірістер органдары партиялық тізім тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді. Бұл ретте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюдың немесе партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешім қабылдаудың негіздері көзделген. «Мәселен, аумақтық сайлау комиссиясы мынадай жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартаты немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды: саяси партия партиялық тізімді ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда; партиялық тізімді ұсынған саяси партия, ол ұсынған кандидаттар, оның сенім білдірілген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген кезде; сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтағанда; бүкіл партиялық тізімнің елу пайызынан астамын құрайтын адамдар партиялық тізімнен шыққан жағдайда; сот партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған кезде. Осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартаты немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды», - деді ҚР ОСК мүшесі. Сонымен қатар ол аумақтық сайлау комиссиясы партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешімді мынадай жағдайларда қабылдайтындығын айтты. «Партиялық тізімге енгізілген адам кандидатқа Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда қойылатын талаптарға сәйкес келмеген; кандидаттың немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістер мен мүлкі туралы мәліметтерді ұсынуы кезінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мәліметтердің анық еместігі анықталған; партиялық тізімге енгізілген адамның өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдалануы анықталған; партиялық тізімге енгізілген адам сайлау алдындағы үгітті партиялық тізімді тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген; партиялық тізімге енгізілген адамның немесе оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін сот анықтаған жағдайда; осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімге енгізілген адамды тізімнен шығару туралы шешім қабылдайды», - деді Ерлан Дауылбаев.

АМАНГЕЛДІДЕ «ЕСІКТЕН ЕСІККЕ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

КЕШЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕР «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ АМАНГЕЛДІ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ «ЕСІКТЕН ЕСІККЕ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ. ҮМІТКЕРЛЕР АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ҮЙЛЕРІНЕ БАРЫП, «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫНА ТОҚТАЛДЫ.

Сонымен қатар тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, «Nur Otan» партиясының әрдайым халықпен бірге екенін атап өтті. Аудан орталығына 18 шақырым Амангелді ауылы ауданның ең үлкен елді мекені. Халық саны тұрақты, 100 ден аса түтін бар. Оқушылар жеткілікті. Бүлдіршіндердің саны көңіл қуантады. Демографиялық динамикасы жақсы. Тіпті, мектептегі бала саны кейбір ауылдық округтің орталығынан артық. Сондықтан да, шағын ауылдардың ішінде алғашқы болып ауыз су жүргізілді. Жаңа медпункт салынды. Екі қабатты сәулетті мектебі де бар. Мемлекеттік бағдарламалар мен ауқымды жобалар



риза болып қайтты. Себебі, мұнда жеке тұрғындардың жыл сайын үй салуы ауылдың келбеті мен халық санына үлес қосып келеді. Тағы бір сүйсінетініміз – жастардың ұйымшылдығы, ауызбірлігі. Жаздай бөлек-бөлек бригада құрып, ауданға, қалаға

нөпахасы. «Есіктен есікке» акциясы аясында тұрғындармен тікелей кездесулерде ауылдың жастары жұмысқа белсенді екендіктерін салмақты сөздерімен-ақ жеткізе, үлкендер жағы өнегелі істерімен кейінгі буынға үлгі




дың игілігін көріп отырған ауылдардың бірі де осы Амангелді елді мекені. Сондықтан болар, амангелділіктердің «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлауалды бағдарламасының толықтай жүзеге асуына сенімі мол. «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сөкен Займолдин ауыл тұрғындарының тіршілігіне дән

барып құрылыс жұмыстарын атқарып табыс табады. Демек, ерінбеген адамға жаздай кәсіп бар дегенді ағалары бастап, інілері қостап, іспен үлгі болып отыр. Жыл сайын жағымды жаңалықтарымен қуанып отыратын ауылдың жігіттері биыл да үлкен істерді қолға алды. Бұл біріншіден баланы үкіметке алақан жайып отырмай, еңбекке баулу болса, екіншіден балаларының

болып келеді. Ауызбірлігі мол ауыл саяси науқанда еліміздің ертеңі үшін әрдайым халықпен етене байланыс жасап, мұн-мұқтаждықты мен көкейкесті мәселелерін назардан тыс қалдырмай келе жатқан «Nur Otan» партиясына сөттілік тіледі.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Амангелді-Ойыл.



Ақ қармен бірге әкелші ақ сезімді...



Алма Түсіпбекова

Ол кезде көктем еді, Ақараны ақ жауыны секілденген, Бір сезім жүрегімді өпкен еді. Тербелген қыр төсінде қызғалдақта, Сол шақтың көп дерегі. Сонан соң жаз да келді жасандырып, Жанымның жанарына жас алдырып. Жайнаған жасыл өлем ортасында, Шаттандық, шын ба екен деп осы дөурен, Махаббат мұнарасын қашап жүріп, Жасамай жасандылық. Күз келді. Мұңға батып атыраптар, Сарғайып құлап жатты жапырақтар. Екеуіміз бірге жүрген соқпақтар да, Өшіпті... Солай келіп жатыр ақпар. Тағдырдың бар тепісін біздерге арнап, Жинаған секілді ме ақырап бар?... Бар екен тіршілікте қушақ нелер, Не дейін? Ертең енді қыс та келер. ... Жаным-ау, бар еді ғой қайсарлығың, Бақыттың бұрымынан ұстап өлер... Ақ қармен бірге әкелші ақ сезімді, Шынымен мені сүйіп, құшақ егер... **Уақыт...** Санаулы сағаттар, секундтар сырғыған, Өмір-ай, ақырын ымыртқа жылжыған. Уақыт тоздырған арғымақ тұяғы, Ақ бұлттан өрі ұшқан ақынның қиялы. Өткеннің елесін тереңге тұмшалап, Сырғиды көз арбап, өне бір құм сағат. Саябыр тартады, басылып арыны, Уақытқа бас иген күн-ана жалыны. Сыры оның неде екен? Сен сұрап білдің бе? Уақытқа елеңдер, қауызы гүлдің де. Әр минут - ең қымбат, өзінді қамшыла, Уақытқа бағынар, мөл-мөлдір тәмшы да. Уақыттың іздері - даланың күзінде, Әкем мен анамның әжімді жүзінде. Уақыт қатал ма? Бағасын беріндер, Құмары қанбаған қызғалдақ еріндер... Аспан да, жер-дағы, бар өлем, тіршілік, Уақытқа бағынған, ақырын күрсініп. Қалталы боп, бөрің сатып ал, сен меілі, Уақыт бірақ та еркіңе көнбейді. Қандай жан бұл заңға тосқауыл бола алар, Уақыттың нүктесі - айқұлақ молалар... Данышпан - уақыт. Тек соған бас ұрып, Фасыр тұр, уақыттың ығына асылып... Санаулы сағаттар, секундтар сырғыған, Өмір-ай, қайтейін, бір үміт, бір күмән...

Замананың ұға толқы өзегі...

Мені бір күн топтанып кеп таламақ, Жәдігәйлер жанымды жүр жаралап. Замананың ұға толды өзегі, Таусылмайды, ішкенменен шаралап. Мына түрмен көгере ме көсеге? Бұл-дағы бір маңдайдағы пешене. Қайтер едің, қайырылар жан болмай, Тілім, дінім қансыраса көшеде? Заман уы осы дел... Күтудеміз кіміңз ғана өмірін, Қасиеттің кім илейді қамырын? Қайтер едің, тасырандап тексіздер, Балталаса тарихының тамырын? Заман уы осы дел... Сөздерімен сөуле құйып санаға, Ақыл айтар абыз қайда балаға? Қайтер едің, өркеніет төр сұрап, Өткеніміз қаңғып қалса далада? Заман уы осы дел... Ақты даттап, күйін кештік аланың, Аузын тырнап керегі не жараның? Қайтер едің, сырт айналас өзіннен, Жан досым деп, сыр ақтарған адамың? Заман уы осы дел... Күрсінемін, көбейген соң нала шын, Заманамен қайдан табам жарасым? Қайтер едің, шырылдатып тірідей, Қоқысқа егер тастаса ана баласын? Заман уы осы дел... Ұрпағымыз ұмытқан соң анттарын,

Ұмыт болған дәстүрім мен салттарым! Қайтер едің, қайғы жұтып, күрсініп, Интернетта мекендесе қарттарым? Заман уы осы дел... Табар ма екен жүректегі дерт емін? Жақсылықтың кім кереді желкенін? ...Абай ішкен у еді ғой, ішейін, Есеңгіреп қалмасын деп ертеңім!.. Төлегенше толғау

Мен сендерді алқамаймын, ақамқар...

Төпеген Аубергенов.

Құпиямды айтайыншы, саған бар: Ақын едім, өмір мөнін бағамдар. Тағдырымнан тепкі көріп жүрсем де, «Мен сендерді алдамаймын, адамдар!» Қашаннан-ақ қасиеттің пәрмені ем, Адаммаймын! Егіз туғам арменен. Шағынарым, табынарым – жыр еді, Түнектерде жалын болып жанды өлең. Даралардың дастан етіп жақсы ісін, Адалдықтың аяладым ақ құсын. Мейірімге шөліккеген жүрегім, Ізгіліктен өз орынын тапты шын. Көңіліме көрік берген кең далам, О, адамдар! Алдамаймын! Сен маған. Адамзатты алдамауға шақырған, Төлегеннің қарындасы мен болам! Жалғандық – от. Жақындама отқа тым, Алдамаймын! Оған менің жоқ хақым. Тура жолдан тайып кетсем егерде, Төңір маған тапаншасын оқтасын! Өмір – осы, жыласам да, күлсем де, Мақсатымның мән-маңызын біл сен де. «Мен сендерді алдамаймын, адамдар», Алдамаймын! Сан алданып жүрсем де...

Махаббаттың монопогы шығар кқз?..

Біздің жаққа күз келді, Мұңдылау өн айтамыз-ау біз де енді. Жапырақтар басып жатыр ақырын, Жасыл бақты кезіп жүрген іздерді. Жапырақтар түсіп жатыр үзіліп, Сағыныштан сарғайғандай жүз үміт. Қайтқан күспен бірге ілесіп үмітім, Боласыз ба, сіз ұмыт? Уақытымның зырылдайды ұршығы, Гүлдер ме екен... сол сезімнің бүршігі. Сағынышым жапыраққа айналса, Ақ қайыңға айналармын бір күні... Амал нешік? Бөріне де шыдармыз, Бұл мезгілден талай сырды ұғармыз. ... Аңсағаны алыс кеткен жандарға, Махаббаттың монопогы шығар күз?.. Ақиқаты - өзіңменен бір демім. Түсімде өр кез өзіңменен біргемін. Айналама күліп қарап жүргенмен, Айнашты, сенсіз өткен күндерім. Тектіліктің ізгілікпен жаны бір, Аққу құста адамзаттың ары жүр. ...Оранайын үлде менен бұлдеге, Әдемі емес маған сенсіз бөрібір. Арман болып, біз аңсаған ақ белес, Үркіте ме, басқа қонған бақты егес? Шара-шара бал ішейін көзөмен, Бірақ сенсіз төтті емес. Кім біледі? Мүмкін бұл да сынақ па? Білем, білем. Жүрсің менен жырақта. Байлық деген бұлақ болып ақса да, Сенсіз оның қадірі жоқ бірақ та... Дей тұрғанмен - күдік деген бекер ғой, Сені-дағы мазалай ма секемді ой? Бір білгенім - сенсіз өткен күндердің, Қасіреті - ең азапты екен ғой!.. *Кім бар?..* Сансыз сауал санаңызды тесе ме, Қиналсаңыз, оны өзгелер ұнатар. ... Анау бір жан жылап тұр ма көшеде, Кім бар, оны жұбатар? Ал, сүріндім. Мерейіңіз өсе ме? Мен шығармын, түнектейін түнді емер. ...Анау бір жан құлап жатыр көшеде, Қолтығынан кім демер? Қасіретке қайырлай ма, бар кеме? Оралайық адамилық жайтқа мың. ...Анау бір жан айтпақ болды өлдене, Кім тындайды айтқанын? Тиын шығар, біреулерге бағасы, Дөкей көкем алтын түйме тағыпты. ...Анау бір жан кеткен, сірә, адасып, Кім көрсетер бағытты? Төгіледі дейсің ғажап жыр қандай, Тағдыр соры татып тұрған таңдайдан? ...Анау бір жан жетімсіреп тұрғандай, Кім сипайды маңдайдан? Көз жасы боп, шарасынан төгілдім, Музаменнен қосылыпты мұң бүгін. Өксігінен өлең туды көңілдің, Кім кеседі кіндігін?..

Ім көйлек...

Күліп, бірде жылап алып торыға, Тағы түсем Төңір жазған жолыма. ...Анашымның сандығының ішінен,

Ит көйлегім түскені кеп қолыма. Бала кезім. Таныс көше, таныс бақ, Мен өзіңнен кеткем қалай алыстап?! Аспан жақтың түскен едім жолына, Шақырған соң қолын бұлғап, ғарыш жақ. Кердең болсаң, басымыздан бақ ұшар, Күндер қайда, балалықпен табысар? Берекелі басталса егер бір ісім, Бір ит келіп, балағым жабысар. Амал нешік, көңілдерден күй кетті, Өркеніет рухымды күйретті. Не дей алам, ит мінезді бауырға, Итке мініп, қамшылаған иректі. Білем, сен де қалжырадың, жоқ өлің, Кімге айтамыз, қара өлеңнің обалы? ...Тауға апарар жолға түссем, алдымнан Азу тісін ақситады қоғамым. Қарыздармын тазалығың үшін де, Саған деген сағынышым - күшінде. Айналайын балалығым, қап кеткен, Анашымның сандығының ішінде... Ақ қанатын қағып жетер ар саған, Алыс кетпе, ақ үмітім, аңсаған! ...Ит көйлекті бала болғым келеді, Ит өмірден кездерімде шаршаған... *Мен саған хат жазып отырмын...* Жетеді қинағаның! Мені бақыт балымен сыйла, жаным. Өзің барда өмірім гүл атқанмен, Өзің жоқта жоғалтқан сый да менің. Жетеді жылатқаның! Қасиетін сен де біл, бұл ақ таңның. Сен болмасаң тарылып екен? Мына ғалам, Сен бар кезде қалады жырақта мұң. Жетеді өкінгенім! Жөн болар, сөзім, саған бекінгенім. Сен барда арман қонып айдыныма, Сен жоқта жалғыз аққу секілді едім. Жетеді күйінгенім! (Мен өлі үкілі үміт үйіндемің). Тек сені тағдырыма баладым мен, Тек сені баға жетпес сыйым дедім. Келе ғой, келші маған! Мен екем, жан-жүрегі ең сірі адам. Өзегім толғанымен өкінішке, Махаббат! Түбі сенен еншімді алам! Жаратқан жайсыздықтан айырғасын, Өткенім су түбінде қайырласын. ... Бақтың өні естілді жағалаудан, Екеуіміз бірге айтайық қайырмасын! **Қайта орапғам он сегіз көктеміме** Телефонның сөнулі, үн қатпайды, Мазалайды мені бір жұмбақ қайғы. Сенбеді ме сезімің маған деген? Көгершіндей... Жем іздеп саған келгем. Маңдайыма сен едің иіскеген, Сол сәтте мен бақытпен түйіскен ем. Жанарыңнан нұр көргем, шуақ көргем, Өзің ғана жанымға қуат берген. «Жаным» дедім аймалап, бауу ғана, Көңілдегі еттің сен қаяуды ада... Еркелеттің. Тағы да еркелеттің, Жазғы аспанын жанымның көркем еттің. Ерінімнен ақырын өпкенінде, Қайта орапғам он сегіз көктеміме. ...Көңіл бөлмей байлықтың түйіріне, Пейіліңе шөлдедім, мейіріңе. Сөндірулі телефон өкініш, Тез оралшы, тек сенен өтінерім! Талай төзген тіршілік дауылына, Алшы мені құшаққа, бауырыңа! **Ертегіңді жүрмін әлі сағынып...** (Анама) Аппақ арман қамап алған санасын, Айналайын, анашым! Қара өлеңнен құс ұшырды өзіңе, Балапаның, сыр кернеген санасын. Құс ұшырдым көк аспанға тым биік, Тылсымына бойлай болсең-тұңғыш. Өзегінде-өрт жайлаған өкініш, Жіббердей жүректерге мұң құйып. Ібіліс кеп соқтығардай ісіме, Жаратқаның не шара бар құшыне?! ...Мейіріммен маңдайымнан сипадың, Өзің еніп түсіме. Келешектен мөлдір моншақ тағынып, Жүрегіме жыр келді , өне, ағылып. ...Қиялыма бітіретін қос қанат – Ертегіңді жүрмін әлі сағынып... **Сен бақыттан шапқышы...** Жетіп саған жүрегімің дүрсілі, Көктер ме екен, сол сезімнің бүршігі? ...«Қасіреттің тіліп өтіп көбінін, Көкке кетем бір күні!.. Жәудіреген жанарынан жас тамған, Мөңгілікке қоныс табам аспаннан. Азабымның «ғажап» деген бетіне, Мөңгіліктің мөрің басам расталған. Ібілістің жығылмағам ығына, Қабіріңе сияр ма екем, құбыла? ...Аспан жақтан (адаспасын өзгі деп), Жер бетіне төгіп тұрам шауың. Көкті кезу сай маған, Күн батқанда тылсым нұрлы ай болам. ...Көкке қарай көзіңді бір сала сал, Ақ шуаққа толған кезде айналан. Мөлдір мұң кеп бассын, мейлі, **adebiportal.kz**

еңсені, Көңілімнің басылмасын кемсеңі. Жарығымды тосып сенің жолыңа, Аспан жақтан демеп тұрам мен сені. Маған келсін, тағдырымның талқысы, Мені қойшы!.. Сен бақыттан шапқышы. ...Күннің нұры, айдың аппақ сөулесі, Мен деп ұқшы, жүрегімнің жартысы!.. **Күік пағы** Қалайша елжіремей тұра алайын, Өзіңде – бар нәзіктік, сірә, дейім. Жалғанның жаурадың-ау жөлінен сен, Келе ғой жақынырақ, құралайым. Келе ғой, жақынырақ, аялайын, Жүрегің жылуымының аямайын. Үркесің... Мына тағдыр жақсылығын, Көруге жазбаған-ау, сірә, дейім. Кел енді... Жаныма кел, жасқанбағын, Сенбісің, сан адасқан, қашқан бағым? ... Елжіреп қоя бердім сені көріп, Қайтадан оралғандай аспандағым. Құралай! Айналайын көздеріңнен, Табармын мұндай жанар өзге кімнен? Сөзсіз-ақ сырын айтар көз барлығын, Қалайша тіршілікте сезбедім мен?! Сен қандай ғажап едің, керемет ең! Санайын мен өзіңді неге бөтен?.. Мейірге шөліккеген мына өлемге, Сұлулық мына сендей керек екен... Тірлікте ең жазықсыз – тек сен бе екен? Кеш мені, бір әрекет етсем бөтен. ...Нуына нәзіктіктің ену үшін, Айналып ақбекенге кетсем бе екен? **Дуалог** - Байқағаным – күрсіндің. - Бұл өмірді қасіретпен бір сүрдім. Өткендерін есіне алып өксітін, Махаббаттың жолындағы қыршынымын. - Қуанасың аз неге? - Менен алыс кеткен қазір жаз-кеме. Жанымыздың жауқазыны секілді, Өткен күннен қалған жүрмін сазды өре... - Серігің бе – үнсіздік? - Жаратпаған құдай мені мұңсыз ғып. Маңдайыма жазылғаны тағдырдан Махаббатқа қырсыздық. - Маңдайыңда іздері бар сан жылдың, Теперішті көп көрдің бе, жан құрбым? Көзіңде – жас, айтшы, неге жылайсың? - Жас емес ол. Тамшысы да – жаңбырдың... **Қара аңп** Түсінгенге – тағдырында, Көз жасындай нала жүр. Шалықтырар жанды мұңға, Қырда есетін қара гүл. Жауыздықты бақ көреді, Жия алмаған жұрт есін. Пейілі оның ақ гүл еді, Жасын қалай сүртесің? Қара гүлді аялайтын, Пенделер аз тірлікте. Таптайтұғын, аямайтын, Көз орнында бір нүкте. (Көңілдерден қүй ақтарып, Сен де ғұмыр кештің бе?). Өзге гүлдер сияқтанып, Сыйланбады ешкімге. Гүл жылады, гүл жылады, Баса алмастан солығын. Тұнық аспан тұнжырады, Көріп көңіл қорымын. Кім ұғайды, кім ұғайды, Айтыла ма жан сыры? Ақын байғұс құмығады, Гүлден көріп тамшыны... Тағдырында – қара таңба, Қырқада ескен қара гүл. Алдым оны алақанға, Күткені оның - дара өмір. Түсінгенге – тағдырында, Көз жасындай нала жүр. Шалықтырар жанды мұңға, Қырда есетін қара гүл... **Хат** Сен боп басы – биіктің, Сезіміңе ұйыппын. Қашықтасың қазір сен, Халің қалай, сүйіктім? Мені ойлаумен жүрсің бе? Күрсінбейші. Күрсінбе. ...Ғашық болып көрмеген, Біздің жайды білсін бе?.. Салғаны да – сыз белгі, Белді тағдыр біздерді. Сен бар кезде жаз еді, Қазір, міне, күз келді. Айтсам егер жайымды, Не дей алам пайымды? Естен кетпей елесің, Серік еттім уайымды. Құтұменнен арай кұн, Құс жолына қараймын. Сипай ескен самалды, Өзіңе өр кез баламын. Сен едің ғой тірегім, Тілеуіңді тіледім. Тым алыста жүрсең де, Өзіңмен бір – жүрегім. Сенсіз өткен шақтарым, Қара түнек, қап-қалың. ...Сезімді алып ұш, Қанат біткен хаттарым!.. **adebiportal.kz**

COVID-19:

1

ТӘУЛІГІНЕ 40 000 ТЕСТ

2

ЗЕРТХАНАЛАР САНЫ
80-ГЕ ДЕЙІН АРТТЫ

3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ РЕЗЕРВІ АЯСЫНДА
ПТР ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ
20 ЖИЙНТЫҒЫ САТЫП АЛЫНДЫ

4

ТӘУЛІГІНЕ 10 000-ҒА
ДЕЙІН ЗЕРТТЕУ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТІЛДІ

5

БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН
«ҚДБ-ЛИЗИНГ» АҚ ЛИЗИНГКЕ
8 МОБИЛЬДІ ЗЕРТХАНАЛЫҚ
КЕШЕН САТЫП АЛЫНДЫ
(ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ –
ҚЫРКҮЙЕК-ҚАРАША)

6

ТӘУЛІГІНЕ 4 8 00-ГЕ ДЕЙІН
ЗЕРТТЕУ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

7

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ
ЕСЕБІНЕН НҰР-СҰЛТАН МЕН
АЛМАТЫДАҒЫ ЕКІ МОДУЛЬДІК
ЗЕРТХАНА ПТР ЖИЙНТЫҚТАРЫМЕН
ЖАРАҚТАНДЫРЫЛАДЫ
(ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ – ҚЫРКҮЙЕК)

8

ТӘУЛІГІНЕ 8 000-ҒА
ДЕЙІН ЗЕРТТЕУ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТІЛДІ

НАТИЖЕСІ:

ТӘУЛІГІНЕ 63 000 ТЕСТКЕ
ДЕЙІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

9

ЕЛГЕ СЫЙЛЫ АЗАМАТ ЕДІ...

Мен, Ойыл аудандық ішкі істер бөліміне 1975 жылы маусым айында қатардағы милиция қызметіне қабылданып, алғашқы дайындау мектебіне жүргелі жатқанымда сол курсты Теміртаудан бітіріп келіп жатқан Өтеміс Төрехановпен таныстым. Үстіңдегі милиция киімі жарасып тұрған, келбетті, дауысы жуан азамат екен. Сол таныстығымыз 45 жылға созылды.

Бір ерекшелігі бір мекемеде, яғни Ойыл ішкі істер бөлімінде екеуіміз де зейнетке шыққанша қызмет еттік. Біраз жыл көрші болып тұрдық.

Өтекеңнің қолындағы ата-әжесі сондай керемет адамдар болатын. Өтекеңнің менен 4 жас үлкендігі бар болса да, қалжыңдасып жүретінбіз.

Өткен күннің қызығы көп еді. Мен қызметке тұрғанда, бөлімдегі ең жасы едім. Бәрі жұмсайтын «Шаба бер, үйренгенің өзіңе жақсы»- дейтін. Өтекең екеуімізді қызметке қабылдаған марқұм Салық Ермұханов еді. ІІБ-де керемет қыз-меткерлер болып еді. Дүниеден өтті бәрі. Олар Тоқпан А, Құмар. К, Нұрсұлтан К, Оразов Жиенбек, Нұржау Е, Бердіғали Н, Аманкелді Ж, Қобыланды А, Темір У, Жұматай Ш, берірек дүниеден өткен Ерсайын Ж, Марат Б, Асылбек Е.

Енді міне 70 жасқа толған шағында құрметті зейнеткер милиция (полиция) подполковнигі Өтеміс Төреханов та дүниеден өтті. Өмірден өткенше төсек тартып жатпаған. Көңіл күйі, тұрмыс жағдайы жақсы болатын. Салауатты өмір салтын ұстанудың үлгісін дәм-тқзы таусылғанша спортты серік етіп, ісімен көрсеткен азамат еді. Не деуге болады? Өлемді дүрліктіріп жатқан кеселден бе, өлде дәм-тұзы таусылды ма, бұлай болады деп ешкім ойламаған.

Ол қандай азамат еді. Отбасында жары Жаңыл екеуі алтын асықтай екі ұл өсіріп, тәрбиелеп ұй қылды. Үлкен ұлы Сағадат заңгер, Ақтөбе қаласында жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Нұрқуат, Ойыл ІІБ-де полицияда қызмет етеді. Бес немересі бар.

ІІБ-де үзбей қызмет етіп, абыроймен зейнетке шығу, айтуға ғана оңай. Азаматқа сүйлеу болып, отбасылық жағдайды келістіріп отыратын өйел азамат. Иә, сол міндетті Жаңыл мүлтіксіз орындады. Өзі де қызметтен қалған жоқ. Коопреация және мәдениет саласында бухгалтер болып зейнетке шықты.

Өтекең ІІБ-де ер салада қызмет атқарды. Басты қызметі БХСС-те ағинспектор болып көп атқарды. Бастықтың орынбасары болды.

Соңғы 5 жыл Ойыл ІІБ-нің бастығы болып, өз еркімен зейнетке 1997 жылы шықты. Мен сол кезде ІІБ-нің кадр және тәрбие жөніндегі бастықтың орынбасары қызметінде болатынмын.

Өтекеңді туа талантты азаматтар қатарына жатқызар едім. Себебі, оның қолынан көп нәрсе келеді. Есепке жүйрік, қағаз басатын машинканы екі қолымен бірдей шапшаң басады. Тез ойлап, шешім қабылдайды. Заңның баптарын дұрыс қолдана біледі. Техника ісіне де бейім. Адамдармен тез тіл табысықш. Бауырмал, айналасындағыларды қамқорлап, жердемдесіп жүреді.

Сол жақсылығы шығар, зейнетке шыққанда да ауданда кеудесін түсірмей, өзін тік ұстап, қоғамдық жұмысқа араласқаны.

Азамат жігітті жүрген ортасы мен қатарларына қарап білуге болатын болса, сол қатарларын Өтекеңді шығарып салу кезінде көрдім. Кілең ауданға еңбегі сіңген белді азаматтар екен.

«Тірі болғаныңда қантардың 20 күні 71 жасыңды тойлар едік» - дейді сағынған жары Жаңыл.

Бүгін бізге жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннәтта болсын, - дегеннен басқа амал жоқ!

Тілеген АЛДАНАЕВ,
Зейнеткер, отставкадағы
полиция подполковнигі.

ЖЫР МҮШАЙРАСЫ – АРҚАУЫ ТӘУЕЛСІЗДІК!

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 16 ЖЕЛТОҚСАН - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БАЙЛЫҒЫ МЕН КӨРКЕМДІГІН СӨЗ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТЕ БІЛУ МАҚСАТЫНДА «ТӘУЕЛСІЗДІК-БИГІМ» АТТЫ ЖЫР МҮШӘЙРАСЫ ӨТТІ.



Жыр мүшәйрасына 14 пен 29 жас аралығындағы мектеп оқушылары, колледж студенттері, жас мамандар қатысты. Мұшайраға қатысушы жастар Тәуелсіздік жайындағы жүрек-тен шыққан жырларын қазылар наза-рына ұсынды. Жас ақындар жырла-рында еркіндік, азаттық, ынтымақ, бірлік, тәуелсіздік ұғымдарын мақтан ете отырып, патриоттық сезіммен жеткізе білді.

Сайыс қорытындысы бойынша бірінші сайыс «Тәуелсіздікті жырлай-мын» өз шығармашылығынан өлең оқу бойынша бірінші орынды өзгелер-ден оқ бойы озық шыққан Ойыл қазақ орта мектебінің 10 класс оқушысы

Бекасыл Серікбаев жеңіп алса, екінші орынға Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің белсенді жасы Мира Сәнді-ғалиева лайық деп танылды. Ш.Бер-сиев атындағы орта мектебінің 10 класс оқушысы Әсел Қайырбек үшін-ші орынға ие болды. Сондай – ақ, Тәуелсіздік, Отан туралы ақындардың өлеңдерін жатқа оқу сайысы бойынша бірінші орынды Қараой ауылдық округінің белсенді жасы Аяна Рама-занова, екінші орынды Әсемгүл Өте-мірқызы, үшінші орынды Зарина Дауылбайқызы иеленді. Сонымен қатар, басқа да қатысушы жастар ал-ғыс хаттар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Апғыс

Мен аудандық ауруханада дәрі-гер болып халыққа жарты ғасырға жақын еңбек еттім, былайынша айтқанда денсаулық саласының ардагерімен. Ауру айтып келмейді дегендей, быыл қараша айының 12 – і күні аяқ астынан қатты сыр-қаттанып ауырып қалдым. «Жедел жәрдем» шақырып, ауруханаға түстім. Мен өз ұжымымдағы өріп-тестерімнің еңбегінің бір сәтін халыққа паш еткім келеді. Өте ұйымшылдықпен зерттеп, барлық дәрігер жиналып, барлық зерттеу-лерден (лаборатория, УЗИ, хирург, гинеколог) өткізіп, жедел ота жасалды. Ота Алпаға шүкір сәтті өтті. Ота жасаған хирург Бағдат Нұрсұлтанұлы Көптілеу, акушер-гинеколог Ералы Амангелдіұлы Бақтыбаев, акушер – гинеколог Нұрбек Сапарұлы Исбусинов. Қолдары жеңіл, өте кішіпейіл, өте сауатты мамандар. Перзентханаға осындай білікті ер азаматтар кел-геніне өте қуаныштымын. Халық-тың алғысына бөленіп, өмірге көптеген сәбилердің келуіне атса-лысып, еңбектерінің жемісін көріп семьяда бақытты болып жүре бері-ңіздер. Сонымен қатар перзент-хана бөлімшесінің қызметкерлері Закия Сабиржанова, Анаргүл Нарынбаева, Айсұлу Жалғас-баева, Сара Тәжіғұловаға да алғысым шексіз. Және де Арай-лым, Бейбітгүл, Айгүл мен Дидар-ларға да үлкен рахмет. Өте риза-мын! Келе жатқан мерекелеріңіз-бен құттықтаймын! Жаңа 2021 жыл отбасыларыңызға құт-береке, ырыздық- несібе, бақыт әкелсін!

Ігі тілекпен:

Зейнеткер, ардагер

әріптестеріңіз

Айша Сиябайқызы ҚАЛИШЕВА.

Газетке жазылу - 2021

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2021 жылдың І жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

«КӨКЖАР» КВН КОМАНДАСЫ ҮЗДІК АТАНДЫ



Жуырда Ақтөбе қаласында өткен «Геолог» мәдениет үйі директорының кубогы үшін көңілді тапқырлар лигасы өткен еді. Көңілді тапқырлар лигасында аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының талантты оқушылары «Көкжар» КВН командасы қатысып, үздік атанды. Әр өзілдерін өткір шеберлікпен жеткізген оқушыларымыз командалар арасында оза шауып, жүлделі І орынға және 20 000 тг ақшалай сертификатына ие болды. Оқушылардың жоғары дәрежеде өнер көсетуіне жетекшілік еткен Нұрболат Тлегеновтің де еңбегін айтпай кетуге болмас.

Айтамын қсегенім...

ТАҒЫ ДА ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ

ОЙЫЛДА СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР КӨП. ОНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЕЛДІҢ КӨЗ АЛЫНДА. ХАЛЫҚТЫ ТАЗАЛЫҚҚА, МӘДЕНИЕТКЕ ШАҚЫРАТЫН ШАРАЛАР ДА КӨП. СОЛАРДЫҢ БІРІ – КӨШЕЛЕРГЕ ҚОЙЫЛҒАН ТОР ЖӨШІКТЕР.



Мақсат – көшеде келе жатып қауыр-сын құтыларды кез-келген жерге домалатып кетпей, салуға арналған. Бірақ, біздің мәдениетіміз сол – жөшік-терге үйімізден шыққан қоқыстың бө-рін тығып кетеміз. Ал, көшені тазалайтын негізінен өйел адамдар. Ойыл селосын тазалау үшін аудандық жұ-мыспен қамту орталығы арқылы же-рілген біріміздің анамыз, біріміздің қарындасымыз. Ол жөшіктің ішінде не жоқ дейсіз? Жуырда тор жөшіктің ішінде бір пакет пайдаланылған себи-дің жөргегі жатқанын көрдік. Ал, ашық алаңқайлардағы темір жөшіктерге сыраның шыныларын аузы-мұрынан шығарып толтырып кеткенді талай көрдік.

«Ітің жаман» десе де, намысқа тырысып, ұялатын ұлттың ұрпағының бүгінгі қылығы осы. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпыз. Бірақ, біз әрекетіміз арқылы да балаларымызға «тәрбие көрсетіп» жатқанымыз жасы-рын емес. Және біздің басты кемші-лігіміз – немқұрайлылығымыз. Мен емес. Ел ішіндегі бір «құмалақтың» әрекетін көрген үлкеніміз де, кішіміз де үндемейміз! Жаманатты болғымыз келмейді. Сондай «ақылды» адам-дарды көрген адамдар төртіпке ша-қыр-са, ауылымыздың мәдениеті арт-паса, кемімесі анық!

С.ЫҚЫЛАС,
Ойыл селосы.

ГАЗДЫ БАЛЛОНДАРЫН ТҮРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



Құрметті аудан тұрғындары! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыз-дың қауіпсіздігі туралы ойланңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Үйлерді (пөтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөн-деуге Кез-келген газ жүйесін құрас-тыру тек мамандандырылған ұйым-мен жүргізілуі тиіс.

Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анық-тау сабын эмульсисымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

Көп қабатты тұрғын үйлердің пөтер-лерінде газ баллондарды пайдала-нуға тыйым салынады.

ГАЗ ИІСІ ШЫҒЫП ТУРСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Пөтерде:

-Газ баллонындағы вентильді жабыңыз

-Терезелерді дереу ашыңыз, өтпе жел жасаңыз

-Жарық немесе тұрмыстық аспап-тарды қоспаңыз — ұшқын жарылыс туғызуы мүмкін.

- 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақырыңыз.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Газ жабдығы жақсы желдетілген және ауасы жаңартылған бөлмеде жұмыс істеуі тиіс!

ТҮРҒЫНДАРДЫҒЫЗ ГАЗ БАЛЛОН-ДАРЫН ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӨ-НІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Газ пайдаланушы қондырғылары бар адамдар:

1) газ пайдаланушы қондырғының сақталуын және таза ұсталуын қамтамасыз етеді.

2) газ пайдаланғаннан кейін газ пайдаланушы қондырғылардағы және

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ-2020

БЖЗҚ-ДАН ЖИНАҚТАРДЫҢ БІР БӨЛІГІН КЕЛЕСІ АЗАМАТТАР ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ:

«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ» ДЕП АТАЛАТЫН СОМАДАН АСАТЫН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БАР ЕҢБЕККЕ ЖАРАМДЫ ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР
(ШАМАМЕН 529,7 МЫҢ АДАМ)
БЕЛГІЛІ БІР СОМА ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫНДА ҚАЛУЫ КЕРЕК.

БЖЗҚ-ДА ЖИНАҚТАРЫ БАР ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР – ЖИНАҚТАЛҒАН СОМАНЫҢ 50%-ЫНА ДЕЙІН ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ (ШАМАМЕН 178,4 МЫҢ АДАМ). ОСЫ САНАТТА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОҒАЛҒАН ТАБЫС МӨЛШЕРІНІҢ КЕМІНДЕ 40%-ЫН ҚҰРАУҒА ТИІС

ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІН РЕСІМДЕГЕН ЖӘНЕ ӘЛІ ДЕ ЖИНАҚТАРЫ БАР АЗАМАТТАР
(ШАМАМЕН 13,3 МЫҢ АДАМ)

«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІНІҢ» НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ:

- әйелдер мен ерлер үшін бірдей;
- жаңа алушылар үшін қайта есептелетін болады;
- 20 жастан бастап әр жас үшін есептеледі.

30 ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР ҮШІН «ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ» 2 МЛН. 518 МЫҢ ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ.

35 жас үшін – 2 млн. 961 мың теңге;

40 жас үшін – 3 млн. 437 мың теңге;

45 жас үшін – 3 млн. 947 мың теңге;

50 жас үшін – 4 млн. 495 мың теңге;

55 жас үшін – 5 млн. 084 мың теңге;

59 және одан үлкен жас үшін – 5 млн. 586 мың теңге.

ТҮРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTYҒA. ЕМДЕЛУ ҮШІН ТӨЛЕУГЕ НЕМЕСЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРУГЕ БОЛАДЫ.

ТҮРҒЫН ҮЙ 5 ЖЫЛ ӨТКЕННЕН КЕЙІН ҒАНА САТЫЛУЫ МҮМКІН.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ТҮРҒЫН ҮЙ САТЫП АЛУҒА ПАЙДАЛАНУ ОПЕРАТОРЫ РЕТИНДЕ «ОТБАСЫ БАНКІ» ҰСЫНЫЛАДЫ.

© «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ» 2020 ЖЫЛ WWW.INFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2020 ГОД. © ДИЗ.САМЕТОВ Ж.

Тәуелсіздік

Еркіндіктен жайнайды қырка бүгін, Самалы ескен елімде жыр таңының Тәуелсіздік жайында жыр арнаған, Шығанақ атамыздың ұрпағымын. Біз қазақпыз, қасиетті халықыыз, Еркіндікті сақтап өркез қалыппыз. Көтерілді көкке биік туымыз, Ұлан байтақ жеріміз бар, алыппыз. Қазақстан тұғыры биік елдігім, Тарихта жазылды талай ерлігің, Бәбалардың аңсаған аманаты, Бізге мұра азаттығым, теңдігім! Еліме бәрі қарап тамсанады, Азаттықтың жолында шаршамады. Тәуелсіздік елдің биік тұғыры, Тәуелсіздік- халқымның аңсағаны. Бақытты елде жүрейік аман болып, Ісімізге сәттілік қадам болып. Мен де ертең Тәуелсіз Отаныма, Үлес қосам білікті маман болып.

Әсел ҚАЙЫРБЕКОВА,

Ш.Берсиев атындағы орта

мектебінің кітапхана жанындағы

«Жас тілшілер» клубының мүшесі,

10 сынып оқушысы.

ЕЛІМІЗДЕ ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАСЫ ЖАРАМДЫ?



Мемлекеттік қызметтер жөніндегі ведомствоаралық комиссияның оты-рысында цифрландыру мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, «Цифрлық құжат-тар» жобасын іске асыру бойынша міндеттер, қызметтерді үздіксіз ұсыну мүмкіндіктері және басқа да мәселе-лер қаралды.

ҚР ЦДИАӨМ құжаттардың түпнұс-қасын ұсыну қажеттігін болдыр-майтын «Цифрлық құжаттар» серви-сін іске асырды.

Қазіргі уақытта сервисте мынандай 9 құжат ұсынылған: Қазақстан Респу-бликасы азаматының жеке куәлігі, некені тіркеу немесе бұзу туралы, баланың тууы туралы және атын, тегін, өкесінің атын өзгерту туралы куәліктер, жүргізуші куәлігі, білімі туралы диплом, студенттік билет, ПТР-тест нәтижесі.

Ағымдағы кезеңде бұл құжаттарды заңды түрде қолдануға болады. Өйт-кені «Ақпараттандыру туралы» заңда электрондық құжаттар цифрлық құжаттар сервисі арқылы қалыптас-тырылады, тексеріледі және пайдала-нылады, яғни қағаз құжаттармен қатар қолданыла алады деген норма енгізілген.

Сондай-ақ, құжаттардың түпнұсқа-ларын міндетті түрде ұсыну талап

етілмейтін процестерді оңтайландыру бойынша ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар, 2020 жылы мемле-кеттік көрсетілетін қызметтердің 90% - дан астамы электрондық форматта қолжетімді болады. Бұл ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмысының өзектілігін арттырады.

Сондай-ақ, азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша электрондық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді қағаз нысан-да беруді болдырмау бөлігінде 25 НҚА-ға өзгерістер енгізу мәселесі қаралды.

Қызмет көрсету нәтижесі қызметті алушының Egov порталындағы жеке кабинеті арқылы қолжетімді азамат-тық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы QR-коды бар электрондық анықтама болатыны күтілуде.

Бұдан басқа, ҚР ИІМ, ҚР БҒМ, ҚР АІШМ-де сұранысқа ие қызметтер қаралды. Осылайша, ҚР ЦДИАӨМ ҚР БҒМ-мен бірге әлеуметтік сипаттағы білім беру қызметтерді бойынша белсенді форматты енгізуді жоспар-лауда. Мысалы, үйде тегін оқытуды ұсыну, мектеп жанындағы лагерь-лерге мектеп оқушыларына жолдама беру, ауылдық мекендерге тегін жет-кізу және жеңілдікпен тамақтану.

ІШЕК ҚҰРТТАР

Ішек құрт ауруы – паразитарлық ауруға жатады. Ең көп таралғаны — домалақ құрттар, олардың ішінде көбінесе аскаридалар.

Бір қарағанда ұсақ паразиттер қауіпсіз көрінгенімен, ағзаны ұлай-тынын естен шығармауымыз керек. Әсіресе олар себи ағзасына тез еніп, орналасып алады. Бұл адам ден-саулығына, өсіресе бала ағзасына кері әсерін тигізеді.Ішек-құрт аурулары өсіресе өсіп келе жатқан бала ағза-сында психикалық және физикалық бұзылуға әкеледі. Бойдың өсуі төмен-дейді, есте сақтау қабілетін төмен-детеді

Ішек құртын жұқтыру өте оңай. Олардың жұмыртқасы барлық жерде болады. Тіпті таза үй ішінің өзінде кез келген заттың беті бөлігі бала үшін қауіпті. Алайда паразиттерді үй ішінен гөрі серуенде жүргенде, дүкенге бар-ғанда, балабақшадан жиі жұқтырады. Көбінесе балаларда тексеру бары-сында жыланқұрт немесе үшікр құрт түрлері анықталады.

Ішек құрт ауруының басты белгі-лері:

- Баланың асқа төбеті болмайды.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Жамбыл мектеп-балабақшасының ұжымы Жамбыл мектеп-балабақшасында қызмет ететін Әбілғазиндер еулетіне аялуы өкесі

Майлықтың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.